



БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ _____

город Астана

**Медициналық қызметтердің
сапасы жөніндегі біріккен
комиссияның құрамын және оның
қызметі туралы ережені бекіту туралы**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 15-бабының 3-тармағына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-168/2020 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21558 болып тіркелген) бекітілген Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияны қалыптастыру қағидаларының 4, 5, 17-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияның құрамы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияның қызметі туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – Комиссияның жұмыс органы) болып белгіленсін.

3. Осы бұйрыққа 3 қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

А. Әлназарова

Министерство здравоохранения Республики Казахстан - Касымова Ш.М.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2024 жылғы «___» _____
№ _____ бұйрығына
1-қосымша

**Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен
комиссияның құрамы**

- | | |
|----------------------------------|---|
| Сұлтанғазиев
Тимур Сламжанұлы | - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі, төраға |
| Ембергенова
Мағрипа Хамитқызы | - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Ана мен бала денсаулығын сақтау департаментінің директоры, төрағаның орынбасары |
| Телешева
Айгүл Нығметоллақызы | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті стандарттау басқармасының басшысы, хатшы |
| Мысаев
Аян Оралханұлы | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті директорының міндетін атқарушы |
| Біржанова
Кулаим Жақсылыққызы | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті директорының орынбасары |
| Ажетова
Жанерке Рахымбайқызы | - «Экомед» клиникалар торының медициналық директоры (келісім бойынша) |
| Алтынова
Шолпан Ханапина | - «University Medical Center» корпоративтік қорының медициналық және реттеуші сұрақтар бойынша медициналық директордың орынбасары (келісім бойынша) |

- Бердиярова
Гульбану Сансызбайқызы
- «Алматы қаласының №2 қалалық клиникалық балалар ауруханасы» ШЖҚ РМК анестезиолог-реаниматолог дәрігері, «С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті» КеАҚ педиатрия кафедрасының доценты, медицина ғылымдарының кандидаты, «Болашақ» халықаралық бағдарламаның стипендианты (келісім бойынша)
- Даирбаева
Лейла Оралғазықызы
- «QazTEN» Қазақстан телемедицина және электрондық денсаулық сақтау қауымдастығының басшысы (келісім бойынша)
- Жүнісов
Ерсін Тұрсынханұлы
- «Халықаралық ғылыми трвматология және ортопедия орталығы» ЖШС бас атқарушы директоры (келісім бойынша)
- Калиева
Шолпан Сабатаевна
- «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ клиникалық фармакология және дәлелді медицина кафедрасының меңгерушісі (келісім бойынша)
- Көшерова
Бахыт Нұрғалиқызы
- «Жұқпалы аурулар дәрігерлерінің қоғамы» өңірлік қоғамдық бірлестігі басшысының орынбасары, Денсаулық сақтау министрлігінің «жұқпалы аурулар (ересектер)» мамандығы бойынша бас штаттан тыс маманы (келісім бойынша)
- Малтабарова
Нүрилә Аманғалиқызы
- «Астана медициналық университеті» АҚ жедел жәрдем, анестезиология, қарқынды терапия кафедрасының меңгерушісі (келісім бойынша)
- Медеубеков
Ұлықбек Шалхарұлы
- Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «№ 16 қалалық емхана» ШЖҚ РМК директоры, медицина ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, «Қазақстандық-Ресейлік медицина

университеті» мемлекеттік емес білім беру мекемесі анестезиология және реаниматология курсы бар хирургия кафедрасының профессоры, «Қазақстандық хирургтер қоғамы» РҚБ жауапты хатшысы (келісім бойынша)

Шүкірова
Анар Алықызы

- «Қазақстан Республикасы Президент істерінің басқару медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК аға сарапшы-дәрігері

Министерство здравоохранения Республики Казахстан - Касымова Ш.М.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2024 жылғы «___» _____
№ _____ бұйрығына
2-қосымша

Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияның қызметі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияның қызметі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 15-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-168/2020 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21558 болып тіркелген) бекітілген Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияны қалыптастыру қағидаларының 17-тармағына сәйкес әзірленді және Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияның (бұдан әрі-Комиссия) қызметін реттейді.

2. Комиссия денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі-уәкілетті орган) жанындағы тұрақты жұмыс істейтін консультациялық – кеңесші орган болып табылады.

3. Комиссияны құрудың мақсаты стандарттауды, клиникалық хаттамаларды, денсаулық сақтау саласындағы көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін бақылау жүйесінің стандарттарын, сондай-ақ Кодекстің 25-бабына сәйкес субъектілерді аккредиттеуді жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

4. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы комиссия туралы Ережені басшылыққа алады.

2 тарау. Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияның міндеттері

5. Комиссияның негізгі міндеттері:

- 1) стандарттауды жетілдіру;
- 2) клиникалық хаттамаларды жетілдіру;
- 3) денсаулық сақтау саласындағы көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін бақылау жүйесінің стандарттарын жетілдіру болып табылады;
- 4) Кодекстің 25-бабына сәйкес денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеуді жетілдіру болып табылады.

6. Көрсетілген міндеттерді іске асыру үшін Комиссия:

- 1) Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелерді талқылау және қарау үшін комитеттер құрады;
- 2) мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;
- 3) қажет болған кезде осы Ережеде регламенттелген мәселелер бойынша талдау, бағалау және сараптама жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды және үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың өкілдерін, денсаулық сақтау субъектілерін тартады.

3-тарау. Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияның қызметін ұйымдастыру

7. Комиссияның қызметін қамтамасыз ету мақсатында жұмыс органы:

- 1) Комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті материалдар дайындайды, оларды комиссия отырысы өткізілгенге дейін күнтізбелік жеті күн бұрын хаттама жобасымен қоса Комиссия мүшелеріне жібереді;
- 2) Комиссия отырысына уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволық бағынысты және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін шақырады;
- 3) уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелерінен, ведомстволық бағынысты және үкіметтік емес ұйымдардан қажетті ақпаратты сұратады.
- 4) Комиссияның отырысына дайын материалдарды қалыптастырады және ұсынады.

8. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Комиссия отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.

9. Отырыстың күн тәртібі Комиссияның бекітілген бір жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес қалыптастырылады. Өткізу күнін, уақытын және орнын Комиссия төрағасы айқындайды.

10. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

11. Комиссияның отырысы, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, заңды деп есептеледі.

Комиссия мүшесі дәлелді себеппен Комиссияның отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын ала бір күннен кешіктірмей комиссияның төрағасын немесе жұмыс органын хабардар етеді.

12. Комиссияның отырыстары күндізгі және (немесе) сырттай және (немесе) селекторлық байланыс режимінде өткізіледі.

13. Комиссия отырысын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру негізінде хатшы үш жұмыс күні ішінде хаттама жобасын ресімдейді. Комиссия отырысының хаттамасына отырысқа қатысушылардың барлығы қол қояды, қажет болған жағдайда комиссия отырысы хаттамасынан төраға мен хатшының қолымен расталған үзінді жасалады.

14. Хатшы Комиссия мүшесі болып табылады және шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығы бар.

15. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

16. Отырыстарда Комиссия клиникалық хаттамаларды, Денсаулық сақтау технологияларын бағалау нәтижелерін, медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын, орфандық (сирек кездесетін) ауруларды іріктеу өлшемшарттары мен тізбесін, адами ресурстарды дамыту және денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу мәселелерін мақұлдау немесе мақұлдаудан бас тарту туралы шешімдер қабылдайды.

17. Комиссия шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

18. Комиссия мүшелері Комиссия қызметіне ауыстырусыз қатысады.

19. Отырыстардың хаттамалары оларға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 15 күннен кешіктірілмей Комиссияның жұмыс органының сайтында орналастырылады.

20. Комиссияның хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды құзыретіне медициналық қызметтерді стандарттау мәселелері кіретін уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.

4-тарау. Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссия органдарының қызметін ұйымдастыру

21. Комиссия қызметінің шеңберінде тұрақты комитеттер жұмыс істейді, олар өздерінің құзыретіне жатқызылған нақты проблемалар мен мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін құрылады:

1) денсаулық сақтау технологияларын бағалау және клиникалық хаттамалар комитеті;

2) медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды стандарттау, денсаулық сақтау және адами ресурстарды дамыту саласындағы аккредиттеу комитеті кіреді.

22. Тұрақты комитеттердің басшылары мен мүшелері Комиссияның хаттамалық шешімімен Комиссия мүшелері арасынан сайланады. Тұрақты комитеттер мүшелерінің саны тақ санды құрайды.

Қажет болған жағдайда Комиссияның тұрақты комитеттерінің жұмысына қатысу үшін дауыс беру құқығынсыз бейінді сарапшылар тартылады.

23. Комиссияның тұрақты комитеттерінің құрамына басшы, мүшелер және хатшы кіреді.

Тұрақты комитеттердің хатшылары комиссияның жұмыс органының өкілдері қатарынан комиссияның хаттамалық шешімімен айқындалады және тұрақты комитеттердің мүшелері болып табылмайды.

24. Комиссияның жұмыс органы комитеттердің қызметін қамтамасыз ету мақсатында комитеттердің жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде комитет отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті материалдар дайындайды, олар комитеттердің отырысы өткізілгенге дейін күнтізбелік жеті күн бұрын тиісті тұрақты комитеттің мүшелеріне жіберіледі.

Тұрақты комитеттің мүшесі дәлелді себептермен тұрақты комитеттің отырысына қатыса алмайтыны туралы тұрақты комитеттің хатшысын бір күннен кешіктірмей алдын ала хабардар етеді.

25. Тұрақты комитеттердің басшылары комитет отырыстарына төрағалық етеді, олардың жұмысын жоспарлайды, олардың шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

26. Тұрақты комитеттердің отырыстары тұрақты Комитеттің құзыретіне сәйкес мәселені қарау жоспарланып отырған Комиссия отырысына дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын өткізіледі.

27. Тұрақты комитеттердің жұмыс органы кейіннен комиссия отырысында қарау үшін Комитеттің шешімдерін және (немесе) оларға қосымша материалдарды (болған кезде) Комиссияның жұмыс органына ұсынуды қамтамасыз етеді.

28. Комиссияның хаттамалық шешімдерін қоспағанда, Комиссияның жұмыс органы Комиссия материалдарын есепке алуды және сақтауды жүзеге асырады.

29. Денсаулық сақтау технологияларын бағалау және клиникалық хаттамалар жөніндегі тұрақты комитеттің негізгі міндеттері:

1) денсаулық сақтау технологияларын бағалауды дамытуға жәрдемдесу және денсаулық сақтаудың неғұрлым тиімді технологияларын іріктеу процесін қамтамасыз ету;

2) клиникалық хаттамаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жағдайында денсаулық сақтау технологияларын бағалау басымдығын қарау және клиникалық хаттамаларды әзірлеу;

4) Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау технологияларын қолдану жөнінде ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу болып табылады;

5) клиникалық хаттамаларды әзірлеуде дәлелді медицина қағидаттарын енгізуге жәрдемдесу, ұсынымдарды қарау және келісу;

6) денсаулық сақтау технологияларын бағалау нұсқаулықтарын, рәсімдері мен әдістерін келісу, сондай-ақ денсаулық сақтау технологияларын бағалау есептерінің әдіснамалық сапасын қарау;

7) клиникалық хаттамаларды және дәлелді медицинаның өзге де құралдарын практикалық денсаулық сақтауға енгізу және енгізу тиімділігін бағалау бойынша ұсынымдар әзірлеу;

8) фармакотерапия кезінде дәлелді медицинаны енгізуге жәрдемдесу;

9) денсаулық сақтау технологияларының клиникалық және экономикалық тиімділігінің ғылыми дәлелдемелерін зерделеу;

10) орфандық аурулардың тізбесін қалыптастыру қағидаларын қарау және келісу;

11) комиссияның қабылданған шешімдері туралы хабардар ету болып табылады.

30. Медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды стандарттау, денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу және адам ресурстарын дамыту комитетінің негізгі міндеттері:

1) медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын жетілдіру;

2) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу жүйесін жақсартуға жәрдемдесу болып табылады;

3) денсаулық сақтауды стандарттау құралдарын енгізу және тарату жөніндегі ұсынымдарды қарау және келісу;

4) денсаулық сақтаудың кадр ресурстарына қажеттілікті жоспарлау және болжау әдістерін жетілдіруге жәрдемдесу болып табылады;

5) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу стандарттарын әзірлеуге және енгізуге жәрдемдесу болып табылады;

6) қызметтің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне сыртқы кешенді бағалауды жетілдіру;

7) медициналық ұйым деңгейінде медициналық қызметтердің сапасын бақылау жүйесін жетілдіру;

8) денсаулық сақтау жүйесі үшін кадрларды даярлауды және үздіксіз кәсіптік дамытуды жоспарлау мен қаржыландыру әдістерін жетілдіру;

9) денсаулық сақтау жүйесінің Адами ресурстарын дамыту мәселелерін регламенттейтін бағдарламаларды, жоспарларды, әдістемелерді және өзге де құжаттарды әзірлеуге және келісуге жәрдемдесу;

10) медициналық білім беруді дамытуға жәрдемдесу (білім беру бағдарламаларын жетілдіру, білім мен құзыреттерді, біліктілікті және бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие маманның басқа да құрамдастарын бағалау);

11) мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарын, медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

12) денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға мемлекеттік білім беру тапсырысын жоспарлау және орналастыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

13) медицина кадрларын даярлау және олардың кәсіби даму сапасын жетілдіру;

14) ғылыми зерттеулер нәтижелерінің бәсекеге қабілеттілігін және имплементациясын арттыру;

15) денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарының мониторингін және жоспарлауын жетілдіру;

16) комиссияның қабылданған шешімдері туралы хабардар ету болып табылады.

Министерство здравоохранения Республики Казахстан - Кадырова А.М.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2024 жылғы «___» _____
№ ___ бұйрығына
3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
күші жойылған бұйрықтарының тізбесі**

1. «Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияның құрамын және оның қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 839 бұйрық.
2. «Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияның құрамын және оның қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 839 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 311 бұйрық.
3. «Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияның құрамын және оның қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 839 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № 526 бұйрық.
4. «Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияның құрамын және оның қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 839 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 25 мамырдағы № 299 бұйрық.
5. «Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияның құрамын және оның қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 839 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 15 маусымдағы № 347 бұйрық.
6. «Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияның құрамын және оның қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 839 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 24 шілдедегі № 428 бұйрық.

Согласовано

19.03.2024 18:45 Касымжанова Тота Базарбековна

19.03.2024 18:53 Мысаев Аян Оралханович

19.03.2024 19:02 Биржанова Кулайым Жаксылыккызы

19.03.2024 19:08 Ембергенова Магрипа Хамитовна

19.03.2024 19:20 Сарсенбаева Гульнара Едилевна

19.03.2024 19:33 Темирханов Серикболсын Темирханович

20.03.2024 15:13 Дудник Вячеслав Юрьевич

20.03.2024 16:05 Султангазиев Тимур Сламжанович

Подписано

27.03.2024 08:06 Альназарова Акмарал Шарипбаевна



Министерство здравоохранения Республики Казахстан - Касымова Ш.М.